



БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №4

- [ҚАЗАҚСТАН ЕЛОРДАСЫНДА «ASTANA MUNAY FEST» ҮШІНШІ ЖЫЛСАЙЫНҒЫ СИМПОЗИУМ ӨТТІ](#)
- [KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫ «ШЫҒАРМАШЫЛ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ҮШІН СТРАТЕГИЯЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМЫНДА](#)
- [2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ -ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ](#)
- [ҚАЗАҚСТАН-ВЕНГРИЯ ФОРУМЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҰМКІНДІКТЕРІ МЕН ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ КӨРСЕТІЛДІ](#)
- [«МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» АТТЫ СЕМИНАР-КЕҢЕС](#)
- [ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ СЕРВИСІ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР ІЗДЕУМЕН ОТС – 2019 КӨРМЕ-КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АТТАНДЫ](#)

ҚАЗАҚСТАН ЕЛОРДАСЫНДА «ASTANA MUNAY FEST» ҮШІНШІ ЖЫЛСАЙЫНҒЫ СИМПОЗИУМ ӨТТІ



2019 жылғы 5-6 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында Назарбаев университетінің қабырғаларында «Astana Munay Fest» атты мұнай-газ саласының 3-ші жылсайынғы жастар симпозиумы өтті. 120-дан астам студент және барлық Каспий өңірінен келген жас мамандар, Қазақстан саласының мамандары мен көшбасшылары қатысты. Оқиға оқушылар арасында да қызығушылық білдірді – ең жас қатысушы 12 жаста болды.

Толығырақ:



KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫ «ШЫҒАРМАШЫЛ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ҮШІН СТРАТЕГИЯЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМЫНДА



15-16 сәуірде Қазақстан-Британ техникалық университетінде (ҚБТУ) ҚБТУ Қазақстан-Британ Бәсекеге қабілеттілік орталығымен ұйымдастырылған «Шығармашыл бәсекеге қабілеттілік үшін стратегиялар» атты халықаралық симпозиумы өтті (SCC 2019).

ҚБТУ басты әріптестерінің бірі болып табылатын KAZENERGY қауымдастығы симпозиумды қолдады.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ



2019 жылғы 25-26 сәуірде «KAZENERGY» қауымдастығы 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өндіру және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өткізілді. Отырыстың алғашқы күні кіші топтармен еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жалпы құқықтық мәселелер мен еңбек ақысын төлеудің негізгі принциптері сияқты бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді. Екінші күні Жұмыс тобы еңбекақысын төлеу жүйесі, тараптардың өзара қарым-қатынасы мен міндеттемелері, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясатына қатысты басым бағыттар, кәсіпорындардағы өндірістік кеңестердің қызметін кеңейту мәселелері және т.б. мәселелерге ерекше көңіл бөлді.

Толығырақ:



ҚАЗАҚСТАН-ВЕНГРИЯ ФОРУМЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҰМКІНДІКТЕРІ МЕН ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ КӨРСЕТІЛДІ

2019 жылғы 29 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында Hilton Astana қонақ үйінде Қазақстан-Венгрия бизнес-форумы өтті. Оның ұйымдастырушылары «Атамекен» ҚР ҰКП қолдауы бойынша ҚР Сыртқы істе министрлігі, Венгрияның Сауда-өнеркәсіптік палатасы, «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ, сондай-ақ Қазақстан-Венгрия іскерлік кеңесі болды. Венгер тарапының делегациясын Венгрия Премьер-министрінің орынбасары – Қаржы министрі Михай Варга басқарды. Форум жұмысына екі елдің іскерлік ортасының 150-ден астам өкілі, оның ішінде венгерлік бизнестің шамамен 100 өкілі қатысты.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» АТТЫ СЕМИНАР-КЕҢЕС



Ағымдағы жылғы 29-30 сәуірде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (Шымкент қаласы) алаңында «Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік» тақырыбына семинар-кеңес өткізілді. Семинар-кеңеске ҚР Энергетика министрлігі, KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ мен «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ өкілдері атынан мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік тараптары қатысты.

Толығырақ:   

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ СЕРВИСІ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР ІЗДЕУМЕН ОТС – 2019 КӨРМЕ-КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АТТАНДЫ



АҚШ-та, Хьюстон қаласында әлемдегі аса ірі ОТС-2019 көрме-конференциясы басталды, ол биыл 50-ші рет өтіп отыр. Ең жаңа IT-шешімдер мен әріптестер іздеу үшін АҚШ-қа 15 отандық мұнай сервисі компанияларының өкілдерінен тұратын қазақстандық делегация аттанды. Бұл сапарды еліміздің мұнай-газ жоспарларындағы қазақстандық мазмұнды дамыту мақсатында «Казэнерджи» қауымдастығы мен «Атамекен» ҰКП жанында Қазақстандағы АҚШ Елшілігімен бірлестікте құрылған Стратегиялық

әріптестікті дамыту кеңесі (Petrocouncil) ұйымдастырды. ОТС-2019 көрме-конференциясында жол салынған ынтымақтастықтың арқасында қазақстандық тарап қазірде отандық компанияларға қажет технологиялар трансфері мен кәсіби машықтармен алмасуды қамтамасыз етеді.

Толығырақ:   

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

KEW

2 0 1 9

**KAZAKHSTAN
ENERGY
WEEK**

XII

**KAZENERGY
EURASIAN
FORUM
NUR-SULTAN**

**KAZAKHSTAN
ENERGY WEEK**

**XII ЕВРАЗИЙСКИЙ
ФОРУМ KAZENERGY**

 KAZENERGYFORUM.COM

 23-29 **Сентября** 2019

Нур-Султан, Казахстан